



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЗАМАНАУИ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Манақбаев Әділхан Ұлықбекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті, «5В001110-
Информатика» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – М. Серік

Электронды оқулықтармен байланысты көптеген түсініктер соңғы жиырма жылда айтарлықтай өзгерді. Электрондық оқыту жүйелерін жасау кезеңінде білім берушінің оқыту жүйелерін жасауға қажетті бағдарламалық сондай ақ кәсіби деңгейде бағыт-бағдар жасай алатындай білім мен дағдылары болуы міндетті. Алайда, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы сала мамандарының педагогтық кәсіби қызметке дайындаудың қазіргі жүйесінде болашақ мұғалімдер өз пәндері бойынша электрондық құралдар жасаудың негізін оқып-үйренуде әртүрлі қиындықтар туындауда [1].

Қоғамды ақпараттандыру – бұл қоғамдық өндірістің доминантты түрі, компьютерлік жабдықтар мен ақпарат алмасу құралдарының негізінде жүзеге асырылатын ақпаратты өндіру, өңдеу, сақтау, беру және пайдалану болып табылатын ғаламдық үрдіс. Ақпарат адамның жалпы білім алуында ғылыми дүниетаным негізінде өз үлесін қосуы керек. Шындығында, ақпараттық технологияларды білу - қоғамда ең қажетті кәсіби құзыреттілік. Ал информатика, өз кезегінде, ақпараттық технологияның теориялық негізі. Жиналған ақпараттың өсу қарқыны-қоғамдық үрдісте маңызды көрсеткіш болып саналады. Алайда бұл ең басты әрі негізгі көрсеткіш емес. Ақпарат өздігінен өндірістің материалды және мәдени құндылықтарын арттыруға қабілетті емес. Ол техника мен технологияға айналған уақытта ғана қоғамға пайда әкеледі. Қазіргі заман кезеңінің мінездемелік ерекшеліктерінің бірі-кәсіби қызметтің барлық салаларын компьютерлендіру болып табылады. Бұқаралық компьютерлендіру, жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту, білім беру, бизнес, өнеркәсіп және ғылыми-зерттеу салаларында алға күрт жылжыды[2].

Ақпараттық технологиялар - жинау, жинақтау, сақтау, іздеу, өңдеу, қорғау, тасымалдау және ақпарат жеткізу тәсілдері мен әдістері жүйесі. Ақпараттық технологиялар бүгінгі таңда таза кәсіби білім кенішінен жаппай пайдалану құралдарына айналууда. Ақпараттық құралдарын адамзаттың қызметінің әртүрлі салаларына кеңінен енгізу және білім алудың тиімді құралы ретінде пайдалану адамзат мәдениетінің басты мақсаты болып табылып отыр. Қазіргі дамыған кезеңде ақпараттық технологиялар адамзат қоғамының барлық салаларына енгізілуде.

Себебі ақпарат, ресми тұрғыда құнды өнім ретінде, компьютерлік жүйеден әлдеқайда бағасы асып түсетін әрі сақталып, өңделіп шығатын мінсіз объект болып табылуда[3].

Біз осы мақсатта білім саласына жаңадан ене бастаған «Бұлттық технологиялар» пәнін зерттеу объектісі ретінде ала отырып, C# объекті-бағдарланған бағдарламалау тілін бағдарламалық құрал ретінде пайдалана отырып осы пәннің электронды оқыту жүйесін жасадық..

«Бұлттық технологиялар» пәні жөніндегі электронды оқыту жүйесі техникалық көзқарас бойынша өз алдына оқу-әдістемелік құралдар мен студенттердің білімін анықтайтын тесттерден тұратын программалық (бағдарламалық) бөлімдерді құрайды. Электронды оқыту жүйесі жеке студентке не болмаса бірнеше топтарға бір уақытта осы сала бойынша өз білімдерін арнайы тест сұрақтары арқылы тексеруге мүмкіншілік береді. «Бұлттық технологиялар пәні бойынша теориялық және тәжірибелік бөлімдерінің жиынтығы электронды оқыту жүйесі болып табылады және де бұл аталмыш жүйе ЖОО-на арналған оқу құралдарын сапалы түрде құрастырып шығаруға негізделген. Электронды оқыту жүйесі студентке өз ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып өзіндік және бақылау жұмыстарын өз бетінше орындауға мүмкіншілік береді. Электронды оқыту жүйесі

төмендегідей міндеттерді орындауы тиіс:

- әртүрлі форматтағы оқу құралдарын ұсыну-мәтін,сурет;
 - сынақ тапсырушының білім деңгейін анықтау;
 - тест бақылауларының нәтижелері бойынша жасалынған статистикалық деректерді сақтау;
 - ақпараттық технология саласында болып жатқан соңғы заманауи өзгерістерді ескере отырып,тест жүйелеріне жаңартулар енгізіп отыру[4].
- Жүйе сенімді жұмыс істеу үшін міндетті түрде орындау керек:
- енгізіліп отырған ақпараттарды бақылап отыру;
 - пайдаланушының бағдарламамен жұмыс істеу барысында байқалатын бұрыс әрекеттерін бұғаттау;
 - сақталып отырған ақпараттардың тұтастығын қамтамасыз ету;
 - тест сұрақтары мен тапсырмаларды түрлендірудің қолжетімділігін шектеу.

Электронды оқыту жүйесі аудиториялық сабақтарға, емтихандар мен білім алушының өз бетінше пәнді тиімді әрі тез арада игеруге көмектеседі. Электрондық құрылғыларды дамытуды оқыту кәсіби мамандарға қағида тұрғысында жаңаша дидактикалық мүмкіндіктерге жол ашады. Мұндай жүйелер суреттерді талдау кезінде оларға барынша көп көрнекілік беру үшін олардың мазмұнын, пішінін, көлемін және басқа да параметрлерін басқаруға көмектеседі. Заманауи ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде кеңінен қолдану қатысушыларға жіберілетін деректердің жылдамдығы көбейеді, мәліметтерді түсіну деңгейі көтеріледі, сезгіштік, бейнелі ойлау секілді қабілеттерді жақсы дамытуға септігін тигізеді[5].

Электронды оқыту жүйелерінің құрылымы жалпыға ортақ, барлық адам қолдана алатындай қарапайым әрі түсінікті болуы қажет. Электронды оқыту жүйесін жасап шығару барысында жасаушылар кейбір қиындықтармен соқтығысып отырады. Олардың арасында-білім беретін мәліметтердің навигация құрылғылармен визуалды үйлесуі орын алатын интерфейсті интуитивті және қарапайым түрде құрастыру; өзге де оқу құралдарымен интегралдаған, графикалар мен анимацияларға арналған программалық (бағдарламалық)құралдарды жүзеге асыру; алдыға қойылған мақсаттарға сай оқу материалдарын және құрылымдық ұйымдарды анықтау.

Білім беруде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану пәнді қызықты әрі шындығында заманауи етіп, жеке білім алуды жүзеге асырады, бақылауды өткізу және нәтижелерді саралауға объективті және уақытылы тексеруге жол ашады. Бүгінгі таңда ақпараттық компьютерлік технологияларды білім берудің жаңа әдісі ретінде санауға болады, білім алушының пәнді игеруі мен дамуында сапалы болуымен сәйкес келеді. Бұл әдіс білім алушының қызығушылығын арттырып, жаңа білім алуында өздігінен дамуы мен жауапкершілігін арттырады әрі интеллектуалды қабілетін дамытады[6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Скакун В.А. Методическое пособие для преподавателей специальных и общетехнических предметов профессиональных учебных заведений.-2001. -155с.
2. Яшников С.А. Создание электронного учебника. – М.: Издательство ИНФРА – М, 2006-45с
3. Зайнутдинова Л.Х. Создание и применение электронных учебников: Монография. - Астрахань: Изд-во "ЦНТЭП", 1999. - 364с
4. Максимов, Г.Н. Электронный учебник – что это? / Г.Н. Максимов, А.В. Вишняков // Открытое образование. – 2002. – № 2. – С. 19-22.
5. А.Ю. Гаевский, В.А. Романовский 100% самоучитель. Создание WEB-страниц и WEB-сайтов – М.:Триумф, 2008.
6. Башмаков, А.И. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем / А.И. Башмаков, И.А. Башмаков. – М. : Филинь, 2003. – 4 с.